

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
**АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**
имени Гумарбека Даукеева
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

«23» 04 2025 ж./г.

№ 3

**«Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және байланыс
университеті» коммерциялық емес АҚ
оқу-әдістемелік кеңесінің
(АЭЖБУ ОӘК) отырыстары**

Төрағалық етті – АҚ жөніндегі проректор А. Жупанхан
Қатысқандар: ОӘК құрамы (тізім қоса берілді).

КҮН ТӘРТІБІ

1. 05.03.2025 ж. ЖБМЖМС өзгерістерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңғырту және өзектендіру. *Баяндамашы - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент.*
2. 2025-2026 оқу жылына арналған кафедралардың Кадрлық қажеттілігі туралы. *Баяндамашы - Институт директорлары, кафедра меңгерушілері.*
3. Әр түрлі.

1. ТЫҢДАДЫ: «05.03.2025 ж. ЖБМЖМС өзгерістерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңғырту және өзектендіру» мәселесі бойынша Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры С.М. Байзакова.

Байзакова С.М. – Құрметті әріптестер, сіздерге ЖБМЖМС талаптарының өзектендірілуіне және Анхальт бойынша пилоттық жобалар аясында алынған ескертулерге байланысты ЖОО компонентіндегі ЖОО-дисциплиналары бойынша оқу жоспарларына енгізілетін өзгерістер туралы хабарлаймын.

Мынадай жайттар атап өтілді:

1. ЖБМЖМС-ның 9-тармағына сәйкес:

- «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері, ЖОО компоненті» пәні алынып тасталды;
- Жаңа пән енгізілді: «Экономика, құқық, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық»;
- Бұл пән ИЭМ кафедрасымен әзірленіп, Платонус жүйесіне жүктелді.
- 2. ЖБМЖМС-ның 20-тармағына сәйкес:
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып пен тіршілік қауіпсіздігі сақталады;
 - Жаңа пән енгізілді: «Тұрақты даму, этика, инклюзия және қауіпсіздік», бұл пән сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, инклюзияны және тіршілік қауіпсіздігін қамтиды;
 - Бұл пән де ИЭМ кафедрасымен әзірленіп, Платонусқа жүктелді.
- 3. Жаңартылған пәндер элективті пәндер каталогына орналастырылды.
 - «Әртүрлі» деп белгіленген семестрлерді білім беру бағдарламаларының (ББ) жетекшілері өздері таңдайды (3–6 семестр аралығында).
- 4. Келесі пәндердің семестрлері өзгертілмейді:
 - Шет тілдері (қазақ тілі, ағылшын тілі);
 - Математикалық пәндер;
 - Майнорлар — олар бірнеше бағдарламалар арасында оқытылады.
- 5. Қосымша пән енгізілді: «Жасанды интеллект және Big Data негіздері» — ЖБМЖМС-ның 20-тармағына сәйкес міндетті.
- 6. Математикалық пәндер бойынша:
 - 5 пән сақталады;
 - Соңғы пән: «Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика»;
 - Таңдау пәні:
 - IT бағыттары үшін: «Дискретті құрылымдар»;
 - Инженерлік бағыттар үшін: «Дифференциалдық теңдеулер».
- 7. 3 жылдық бағдарламалар (триместрлік үлгі) бойынша:
 - Ұсынылған құрылым: 15–15–10 апта;
 - 1 апта демалыстан кейін 10 апта жазғы оқу;
 - Академиялық күнтізбе мен демалыс кестесі әзірленуде, екі нұсқада ұсынылады;
 - Жекелеген пәндерді онлайн платформаларға (мысалы, Coursera) орналастыру мүмкіндігі қарастырылуда.
- 8. ЖОО-дисциплиналарының атауын өзгертуге болмайды — бекітілген атауларды қатаң сақтау қажет.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. ЖБМЖМС-ның 9 және 20-тармақтарына сәйкес ұсынылған пәндер негізінде оқу жоспарларына өзгерістер енгізуді бекіту.
2. ББ жетекшілеріне:
 - «Әртүрлі» деп белгіленген пәндердің семестрлерін таңдау;
 - Платонусқа пәндерді үлгіге сәйкес дұрыс жүктеуді қамтамасыз ету.

3. Триместрлік жүйеге көшу туралы ақпаратты ескеру және академиялық күнтізбенің бекітілуін күту.

4. Жалпы білім беру пәндерінің атауларын өз бетінше өзгертуге тыйым салу.

2. ТЫҢДАДЫ: «2025-2026 оқу жылына арналған кафедралардың Кадрлық қажеттілігі туралы» мәселесі бойынша КҒИИ және ЭЖТИ институт директорларын.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: А.О. Омарбекова, КҒИИ директоры (Коммуникациялық және ғарыштық инженерия институты):

1. «Ғарыштық инженерия» кафедрасы

○ Кадрлық қажеттілік: жоқ

○ Студенттер контингенті: тұрақты

2. «Электрондық инженерия» кафедрасы

○ Ғылыми дәрежелі оқытушылар үлесі: 58%

○ Кадрлық қажеттілік: жоқ

○ Студенттер контингенті: тұрақты

3. «Телекоммуникациялық инженерия» кафедрасы

○ Жалпы қызметкерлер саны: 26

▪ Бала күтіміне байланысты демалыста: 2

▪ Қосымша жұмыс істейтіндер: 7

▪ Тұрақты штатта: 17

○ Ғылыми дәрежелілік: 60%

○ Кадрлық қажеттілік:

▪ Доцент – 2 штат бірлігі (PhD немесе т.ғ.к., кемінде 3 жыл жұмыс өтілі)

▪ Аға оқытушы – 3 штат бірлігі (жоғары білім, педагогикалық тәжірибе).

Әмитов Е.Т., ЭЖТИ директоры (Энергетика және жасыл технологиялар институты):

1. «Энергиямен қамтамасыз ету, электр жетегі және электр техникасы» кафедрасы

Студенттер санының азаюына және Болашақ бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтушінің қайтып келуіне байланысты — кадрлық қажеттілік жоқ.

2. «Электрэнергетика» кафедрасы

Студенттер контингенті азаюда:

2025 — 888

2026 — 670

2 оқытушының декреттік демалыстан шығуы күтілуде

Кадрлық қажеттілік жоқ

3. «Электрмен жабдықтау және жаңартылатын энергия көздері» кафедрасы

Жүктеме көлемі: 5000 сағат

Бағдарламалар бойынша:

ТВЭ және магистратура «Электроэнергетика» (Электрмен жабдықтау) – оқытушылар бар

▪ «Электр көлігі инженериясы» ББ бойынша – «Көліктік техника және технология» пәні бойынша оқытушы қажет. Екі пәнді жүргізе алатын лайықты үміткер бар.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ақпаратты назарға алу.

3 ТЫҢДАЛДЫ: АҚ жөніндегі проректор А. Жупанхан «АЭЖБУ оқытушылары басылымға ұсыным беру үшін дайындаған оқулықтарды, оқу құралдары мен монографияларды қарау» мәселесі бойынша талқылауға 4 монография және 8 оқу құралы ұсынылды:

1. Қазақ тіліндегі «Талшықты оптикалық Брэгг торларының спектрлік сипаттамаларына фотосенсибилизация әсерін талдау: теориялық және тәжірибелік зерттеу әдістері мен қолданылуы» атты монография баспаға ұсынылсын. Автор: С.К. Оразалиева. Көлемі: 6,4 б.б.

2. Қазақ тіліндегі «Техникалық жүйелерді автоматтандыру» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Автор: Б.Х. Айтчанов. Көлемі: 6,0 б.б.

3. Қазақ тіліндегі «Ауыл шаруашылығында сәулелену көздерін қолдану» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: Н.С. Бекмуратова, О.П. Живаева. Көлемі: 5,5 б.б.

4. Қазақ тіліндегі «Атом электр станциялары» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: Ғ.М.Тютебаева, И.Б. Бақытжанов, Катранова Ғ.С. Көлемі: 20,0 б.б.

5. Қазақ тіліндегі «Мультиқызметтік абоненттік қатынау желілері» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Автор: А.Д. Мухамеджанова. Көлемі: 7,0 б.б.

6. Қазақ тіліндегі «Өлшеу анықталмағандығын бағалау әдістері» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: С.Г. Хан, Л.К. Ибраева. Көлемі: 7,5 б.б.

7. Қазақ тіліндегі «Жел генераторын жобалау және басқару негіздері» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: С.А. Юсупова, А.Б. Фазылова, А.Б. Нусибалиева. Көлемі: 7,0 б.б.

8. Орыс тіліндегі «Разработка мониторинга беспроводной системы охраны объектов на основе волоконно-оптических технологий» атты монография баспаға ұсынылсын. Авторлар: А.О. Касимов, М.А. Хизирова, М.М. Еремекбаев, Э. Қадылбекқызы, О.Б. Суйеубаев. Көлемі: 6,25 б.б.

9. Қазақ тіліндегі «Сфералық абберацияны ортогоналды және талшықты оптикалық жүйелерде жою» атты монография баспаға ұсынылсын. Автор: М.А. Хизирова. Көлемі: 6,25 б.б.

10. Орыс тіліндегі «Методика расчета и оценки качества предоставления услуг в интеллектуальных сетях ограниченного доступа» атты монография баспаға ұсынылсын. Автор: М.М. Ермекбаев. Көлемі: 8,3 б.б.

11. Орыс тіліндегі «Статистический анализ данных» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: К. Габелашвили, Л.С. Нурмуратова. Көлемі: 13,0 б.б.

12. Орыс тіліндегі «Электроснабжение» атты оқулық баспаға ұсынылсын. Авторлар: К.Т. Тергемес, И.В. Казанина, С.К. Шерьязов. Көлемі: 11,5 б.б.

Оқу құралдарына, оқулықтарға және монографияға қажетті рецензиялар, институттардың тиісті кеңестері отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелер ұсынылған. Талқылаудан кейін оқу әдебиеттерін басылымға ұсыну туралы ашық дауыс берілді.

Дауыс беру нәтижесі: қолдағандар – 24, қарсы болғандар – жоқ, қалыс қалғандар – жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: келесілер баспаға ұсынылсын:

1. Қазақ тіліндегі «Талшықты оптикалық Брэгг торларының спектрлік сипаттамаларына фотосенсибилизация әсерін талдау: теориялық және тәжірибелік зерттеу әдістері мен қолданылуы» атты монография баспаға ұсынылсын. Автор: С.К. Оразалиева. Көлемі: 6,4 б.б.

2. Қазақ тіліндегі «Техникалық жүйелерді автоматтандыру» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Автор: Б.Х. Айтчанов. Көлемі: 6,0 б.б.

3. Қазақ тіліндегі «Ауыл шаруашылығында сәулелену көздерін қолдану» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: Н.С. Бекмуратова, О.П. Живаева. Көлемі: 5,5 б.б.

4. Қазақ тіліндегі «Атом электр станциялары» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: Ғ.М.Тютебаева, И.Б. Бақытжанов, Катранова Ғ.С. Көлемі: 20,0 б.б.

5. Қазақ тіліндегі «Мультиқызметтік абоненттік қатынау желілері» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Автор: А.Д. Мухамеджанова. Көлемі: 7,0 б.б.

6. Қазақ тіліндегі «Өлшеу анықталмағандығын бағалау әдістері» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: С.Г. Хан, Л.К. Ибраева. Көлемі: 7,5 б.б.

7. Қазақ тіліндегі «Жел генераторын жобалау және басқару негіздері» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: С.А. Юсупова, А.Б. Фазылова, А.Б. Нусибалиева. Көлемі: 7,0 б.б.

8. Орыс тіліндегі «Разработка мониторинга беспроводной системы охраны объектов на основе волоконно-оптических технологий» атты монография баспаға ұсынылсын. Авторлар: А.О. Касимов, М.А. Хизирова, М.М. Ермекбаев, Э. Қадылбекқызы, О.Б. Суйеубаев. Көлемі: 6,25 б.б.

9. Қазақ тіліндегі «Сфералық абберацияны ортогоналды және талшықты оптикалық жүйелерде жою» атты монография баспаға ұсынылсын. Автор: М.А. Хизирова. Көлемі: 6,25 б.б.

10. Орыс тіліндегі «Методика расчета и оценки качества предоставления услуг в интеллектуальных сетях ограниченного доступа» атты монография баспаға ұсынылсын. Автор: М.М. Ермекбаев. Көлемі: 8,3 б.б.

11. Орыс тіліндегі «Статистический анализ данных» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын. Авторлар: К. Габелашвили, Л.С. Нурмуратова. Көлемі: 13,0 б.б.

12. Орыс тіліндегі «Электроснабжение» атты оқулық баспаға ұсынылсын. Авторлар: К.Т. Тергемес, И.В. Казанина, С.К. Шерьязов. Көлемі: 11,5 б.б.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

Оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы **А. Жупанхан**

Оқу-әдістемелік кеңесінің хатшысы **А. Нуртаева**

